

ЖАҢАЛЫҚТАР

Зеленский Трамппен Нью-Йоркте кездесуге уағдаласқанын айтты

21 қыркүйек 2026 жыл, 08:02



Украина президенті Владимир Зеленский (сол жақта) мен АҚШ президенті Дональд Трамптың БҰҰ Бас Ассамблеясы жиыны аясында кездескенде түскен суреті. Нью-Йорк, 23 қыркүйек, 2025 жыл.

Украина президенті Владимир Зеленский АҚШ президенті Дональд Трамппен телефонмен сөйлескенін хабарлады.

"Маңызды әңгіме болды, біз көптеген тақырыпты талқыладық", – деп жазды Зеленский X әлеуметтік желісіндегі ресми парағына.

Оның сөзінше, екі президент Нью-Йоркте жеке кездесуге уағдаласқан. "Бұл кездесу көп нәрсені өзгерте алады" деді Украина президенті.

"Бізде шиеленісті азайту және негізгі қауіпсіздік мәселелері: энергетикалық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі және адамдар өмірін қорғау бойынша идеялар бар. Біз америкалық командамен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз және шынымен де маңызды қадамдар жасауға дайынбыз", – деп жазды Зеленский.

Ол сондай-ақ президент Трампқа Ресейге қарсы санкция салу туралы "Линдси Грэм заң жобасына" **қол қойғаны** үшін алғыс айтты.

Украина президентінің постында Трамппен кездесуі нақты қашан өтетіні жазылмаған. Бұған дейін Зеленский Трамппен 20 қыркүйектен кейін кездесуден үміттенетінін **айтқан** еді.

АҚШ президенті 22 қыркүйекте Нью-Йоркте өтетін БҰҰ Бас Ассамблеясында сөз сөйлемек және сол күні бірқатар екіжақты кездесу өткізеді деп жоспарланған.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ